

«Тіл – татулық тірегі»

Авторлар: спецbib

28.11.2019 13:51 - Жанартылған 28.11.2019 13:54

Шымкент қалалық көзі қормейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханада 5 қыркүйек - Қазақстан халқы тілдері күніне арналған «Тіл – татулық тірегі» атты іс-шара өтті.

Іс-шараға кітапханамыздың көптеген белсенді оқырмандары келіп қатысты. Тіл мерекесінің 5 қыркүйек болып белгілеуінің өзіндік себебі бар. Бұл күні – «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы - тіл» деп ұлағатты сөз қалдырған, қазақ халқының тағдыры, тілі үшін күрескен Алаш арысы, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Енді барша қазақстандықтар қазақ әліпбиінің негізін салған ғалымның туған күнінде Тіл мерекесін тойлайтын болады.

